

Жолдаманың үлгі нысанын, сондай-ақ оны беру қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 1507 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/145 бұйрығын қараңыз.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 8-бабының 24-3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) жолдаманың үлгі нысаны;
- 2) Жолдаманы беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2011 жылғы	9	желтоқсандағы
№ 1507	қаулысымен	
бекітілген		

Жолдама беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жолдама беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан

Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 24-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің жолдама беру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) аңшылық шаруашылығы субъектісі – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда аңшылық шаруашылығын жүргізетін жеке немесе заңды тұлға;

2) балық шаруашылығы субъектісі – қызметінің негізгі бағыты балық шаруашылығын жүргізу болып табылатын жеке және заңды тұлға;

3) жолдама – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарға немесе балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне жануарлар дүниесі объектілерін алу мақсатында бару үшін жеке тұлғаға берілетін құжат.

2. Жолдама беру тәртібі

3. Жолдаманы аңшылық немесе балық шаруашылығы субъектісі жеке тұлғаның өтініші (ауызша немесе жазбаша) бойынша бекітіліп берілген аңшылық алқаптарға немесе балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне бөлінген квота шегінде бекітіліп берілген аңшылық алқаптарға немесе балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне жануарлар дүниесі объектілерін алу мақсатында бару үшін беріледі.

4. Аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасы қолданылу мерзіміне байланысты бір жолғы және маусымдық болып бөлінеді. Бір жолғы жолдаманың қолданылу мерзімі күнтізбелік үш күннен аспайды, ал маусымдық жолдама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1458 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау ережесінде белгіленген мерзімдерге сәйкес аң аулаудың бүкіл мерзіміне беріледі.

Маусымдық жолдаманы беру кезінде тұяқты жануарлар мен аюды қоспағанда, аулануы жоспарланып отырған құстың саны кемінде бес дара болады.

Аңшылық шаруашылығы субъектісі беретін жолдама екі данада толтырылады. Жолдаманың бірінші данасы рұқсат етілген жапсырмалармен (маркалармен) бірге аңшыға беріледі, ал рұқсаттың (маркалардың) түбіртегі жапсырылған Жолдаманың екінші данасы аңшылық шаруашылығы ұйымында қ а л ы п , ү ш ж ы л с а қ т а л а д ы .

5. Балық шаруашылығы субъектісі беретін Жолдаманың қолданылу мерзімін балық шаруашылығы субъектісі заңамада белгіленген балық аулау мерзімдері ш е г і н д е а н ы қ т а й д ы .

Балық шаруашылығы субъектісінің жолдамасы екі данада толтырылады. Толтырылған Жолдаманың бір данасы жеке тұлғаға беріледі, ал Жолдаманың екінші данасы балық шаруашылығы субъектісінде қалып, үш жыл сақталады.

6. Аң аулауға және балық аулауға жолдама беруден мынадай жағдайларда бастартылады :

1) квотаның болмауы немесе бөлінген квотаны аңшылық шаруашылығы немесе балық шаруашылығы субъектісінің толық игеруі;

2) аңшы куәлігінің болмауы (аң аулау үшін);

3) Заңмен белгіленген жануарлар дүниесін пайдалануға, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын аулау орындары мен мерзімдеріне шектеулер мен тыйымдар салынуы.

7. Аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің жолдама беруден бастартуы жеке тұлға өтініш берген кезде бас тарту себептері мен негіздемесі белгіленіп, жазбаша түрде ресімделеді.

8. Аңшылық және балық шаруашылығы субъектілері берілген жолдамаларды осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналға тіркеу жолымен есепке алады. Журнал нөмірленеді, тігіледі және уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің мөрімен куәландырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғы 9 ж е л т о қ с а н д а ғы
№ 1 5 0 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген
Ү л г і н ы с а н
(типовая форма)

(Жолдаманың үлгі нысаны)

Типовая форма путежки

Ж о л д а м а н ы ң а л д ы ң ғы б е т і
(лицевая сторона путежки)

Аңшылық шаруашылығы субъектісіне бекітілген аумақта ғана жара
(действительно только на территории, закрепленной за субъектом охотничьего хозяйства) _____

(аңшылық шаруашылығы субъектісінің атауы, наименование субъекта охотничьего хозяйства) ЖОЛДАМА № _____

(ПУТЕВКА) (тіркеу нөмірі, регистрационный но

Бір жолғы, маусымдық _____

(р а з о в а я , с е з о н н ы

Жолдама құны _____ т

(с т о и м о с т ь п у т е в к и

Аңшының Т.А.Ә. _____

(Ф . И . О . о х о т н и қ

Аңшының куәлігі № _____ Берілген күні _____

(№ удостоверении охотника) (дата выд

Аң аулау учаскесі нақты белгіленген аңшылық шаруашылығының атауы_
(наименование охотничьего хозяйства, с указанием конкретного участка для охоты) _____

Қорықшыға жіберіледі _____
(направляется к егерю) _____ Т.А.Ә. (Ф.И
Қолданылу мерзімі 20__ жылғы «__» _____ ден 20__ жылғы «__» д
(срок _____ д е й с т в и
Аңшылық шаруашылығының жолдама берген жауапты адамы _____
(ответственное лицо, охотничьего хозяйства, выдавшее путевку) _____

Т.А.Ә., қолы (Ф.И.О., подпи
Аңшылық шаруашылығының ішкі күн тәртібінің ережелерімен таныстым
(с правилами внутреннего распорядка охотничьего хозяйства ознакомлен) _____

(аңшының қолы, подпись охотника) М.О. Жолдама берілген күн 20__ жылғы «__» _____
(М.П. Дата выдачи путевки)

Ж о л д а м а н ы ң а р т қ ы б е т і
(обратная сторона путевки)

Марканы желімдеуге арналған орын (немесе тұяқты жануарлардың түрі мен саны туралы белгі соғу) (место для наклеивания марок или отметка о виде и количестве копытных животных)	Нақты ауланғаны (Күні фактически (дата) добыто)	Қорықшының немесе аңшының қолы (подпись егеря или охотника)
	Құстың түрі (Саны вид дичи) (количество)	

Ескерту (примечание):

1. Марка аңшылық шаруашылығы ұйымының мөрімен (мөртабанымен) өшіріледі (марка гасится печатью (штампом) субъекта охотничьего хозяйства).
2. Жануарларды нақты аулау туралы белгі соғуды қорықшы немесе ол жоқ кезде – аңшының өзі жүргізеді (отметка о фактической добыче животных производится егерем или при его отсутствии – самим охотником).
3. Жолдаманы басқа адамға беруге тыйым салынады (передача путевки другому лицу запрещена).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2011 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 1507 қаулысымен
бекітілген
Ү л г і н ы с а н
(типовая форма)

Жолдаманың үлгі нысаны
(Типовая форма путевки)

Ж о л д а м а н ы ң а л д ы ң ы б е т і
(лицевая сторона путевки)

Балық шаруашылығы субъектісіне бекітілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде ғана
ж а р а м д ы

(действительно только на рыбохозяйственном водоеме и (или) участке, закрепленном за субъектом рыбного хозяйства) Балық шаруашылығы субъектісінің атауы _____
(наименование субъекта рыбного хозяйства)
ЖОЛДАМА № _____
(ПУТЕВКА) (тіркеу нөмірі, регистрационный номер)
Бір жолғы, маусымдық _____
(разовая, сезонная)
Жолдама құны _____ теңге
(стоимость путевки)
Балықшының Т.А.Ә. _____
(Ф.И.О. рыболова)
Берілген күні _____
(дата выдачи)
Балық шаруашылығы субъектісінің атауы _____
(наименование субъекта рыбного хозяйства, с указанием водоема и (или) участка для рыболовства)
Балықтың және басқа да су жануарларының түрі, кг _____
(вид рыб и других водных животных разрешенных к изъятию, кг) Қолданылу мерзімі 20__ жылғы «__» _____
ден 20__ жылғы «__» дейін
(срок действия)
Жолдама берген балық шаруашылығы субъектісінің жауапты адамы _____
(ответственное лицо субъекта рыбного хозяйства, выдавшее путевку) _____

Т.А.Ә. қолы (Ф.И.О., подпись)
Ішкі күн тәртібінің ережелерімен таныстым жолдаманы алдым
(путевку получил с правилами внутреннего распорядка ознакомлен)

Т.А.Ә. қолы (Ф.И.О., подпись) М.О. Жолдама берілген күн 20__ жылғы «__» _____
(М.П. Дата выдачи путевки)

Ж о л д а м а н ы ң **а р т қ ы** **б е т і**
(Обратная сторона путевки)

Нақты ауланғаны (фактически выловлено)			
Аулаған балықтың, басқа су жануарларының түрлері (выловленные виды рыб, других водных животных)	Саны, кг (количество, кг)	Күні (дата)	Қорықшының немесе жолдама рәсімдеген тұлғаның қолы (подпись егеря или лица, на которого оформлена путевка)

Ескерту (Примечание):

1. Жануарларды нақты аулау туралы белгі соғуды қорықшы немесе ол жоқ кезде – тұлғаның өзі жүргізеді (отметка о фактической добыче животных производится егерем или при его отсутствии – самим физическим лицом).
2. Жолдаманы басқа адамға беруге тыйым салынады (передача путевки другому лицу запрещена).

Ж о л д а м а **б е р у**

қағидаларына қосымша

Нысан

Аңшылық және балық шаруашылығы субъектілері берген жолдамаларды тіркеу журналы

(аңшылық немесе балық шаруашылығы субъектісінің атауы)

Р/с №	Аңшының, балықшының тегі , аты-жөні	Аңшының, балықшының мекен-жайы	Жолдаманың нөмірі	Құстың, жануарлардың, балықтың және басқа да су жануарларының түрлері	Аң аулау, балық аулау мерзімдері	Жолдаманы алғаны туралы қолы

(аңшылық және балық шаруашылығы субъектісінің Т.А.Ә., қолы)